

Мәдениет және махаббат философиясы

Жоспар:

1. Мәдениет философиясы
2. Махаббат философиясы



Мәдениет (латын. Cultura - өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді.

Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат».
Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Мәдениет - әлеуметтік фактор,
қоғамның қозғаушы күші.
Мәдениеттің дамуы қоғамды
ілгері жылжытады. Жеке адам
мәдениеті мен қоғам талабы
тікелей байланысты.

Мәдениет ұғымын тереңірек түсіну үшін, оған мағыналық жақындығы бар кейбір басқа ұғымдармен арақатынасын қарастырып өтейік. Осы сипатта біздің зердемізге бірінші түсетін ұғым — өркениет. Өркениет (цивилизация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің — «civilis» сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. Римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері атаған, басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Яғни, «өркениет» олардың түсініктері бойынша азаматтық қоғамы, қалалық мәдениеті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан осы екі ұғымның мағыналарын төмендегідей топтастыруға мүмкіндік бар:

1. Мәдениет пен өркениет бір. Олар синонимдер (И. Гердер, Э.Б. Тайлор).

2. Өркениет — мәдениеттің ақыры, оның кәрілік шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш. Фурье, О. Шпенглер).

3. Өркениет — мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Ф. Вольтер, Д. Белл).

4. Өркениет — тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л. Морган).
5. Өркениет — этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А. Тойнби, Н.Я. Данилевский және т.б.).
6. Өркениет мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы.

Мәдениет пен өркениет бір – біріне өте жақын, төлтума ұғымдар. Әлемдік ғылымның алтын қорына алғашқы рет цивилизация - өркениет деген ұғымды енгізген шотланд философы Адам Фергюссон көрінеді. Дегенмен, бұл ұғымды қоғамдық болмыстың өзіндік диалектикасының қыры мен сырын терең зерттеу мәселесіне кеңінен қолданып, оны методологиялық қағида дәрежесіне көтерген К.Маркс пен Ф.Энгельс болып табылады. Өркениет туралы мәселе философия тарихында әр түрлі қырынан көрінеді.

Біріншіден, өркениет дегеніміз – адамзаттың даму процесінде тағылықтан кейін дүниеге келген ерекше тарихи кезең. Бұл кезеңнің негізгі ерекшеліктері – еңбек бөлінісі арқасында пайда болған адамдар арасындағы қарым – қатынастар онан әрі кеңейіп, товар өндірісінің пайда болуы, таптардың қалыптасуы, мемлекеттің дами бастауы.

Өркениет – бүкіл дүние жүзілік тарихи процестің белгілі бір тиянақты даму сатысы. Археологтар мен ежелгі тарихты зерттеушілер бұл ұғымды дәл осы мағынада пайдаланып жүр.

Өркениетті тарихи дамудың нақты кезеңі деп қарастыруды ең алғашқы рет Ш.Фурье ұсынған еді, осы теориялық дәстүр Л.Морган, Ф.Энгельс еңбектерінде одан әрі дамытылды.

Екіншіден, өркениет деп салыстырмалы тұйықталған, өзіндік ерекшелігі бар қоғамдастықты атаған. Бұл дәстүр И.Я. Данилевский еңбектерінде қалыптасқан. Кейінен осы концепцияны О.Шпенглер, К.Н. Леонтьев дамытқан.

Үшіншіден, өркениет адам баласының өмір сүру мүмкіндіктерін кеңейіп, табиғаттың дайын байлықтарын пайдаланып қана қоймай, оны қоғамдық өндірістік технология арқылы өзгерту дәрежесіне көтерілгендігін дәлелдейді. Еңбектің қалай іске асатыны, адамның табиғатқа әсер ету тәсілдері өндірісті қалай және қандай құрал – жабдықтармен жүзеге асыру мәселесі өте маңызды болды. Өркениет жалпы әлеуметтік прогрестің даму процестерімен тығыз байланыста өрбиді. Оның даму жолдарын өркениеттің төменгі сатысы, өркениеттің жалпы деңгейі, өркениеттің аралық сатылары сияқты терминдер арқылы сипаттауға болады.

Өркениетті жалпы қоғамдық дамудың жиынтық мәнездемесі деп қарастыруға болады, оған өзара диалектикалық қарым – қатынаста болып отыратын қоғамдық өмірдің объективті және субъективті заңдылықтары кіреді.

Мәдениеттің алғашқы нышандары еңбек, іс - әрекетпен бірге қалыптаса бастайды. Ал өркениет кейінірек пайда болады. Оның қалыптасуының алғышарттары қоғам дамуының әлеуметтік сипат алуы болып табылады.

Табиғатқа тәуелділіктен босаған адамдардың арасында шын мәнінде нағыз жалпы әлеуметтік қарым – қатынастар пайда бола бастады және адам өмірі күрделене түсті.

Өркениет дамуына кеңінен жол ашатын маңызды фактор – қоғамдық әлеуметтік қарым – қатынастардың кеңейіп, нығаюы.

Мәдениет ұғымы адамзат дамуының барлық тарихи кезеңдерін қамтиды, оның аясына өркениетті даму да, одан бұрынғы даму да кіреді. Ал өркениет ұғымы қоғамдық прогресстің кейінгі кезеңдерінде пайда болған дамуын түсіндіреді.

Өркениет ұғымы арқылы әртүрлі ұлттардың, халықаралық дамудың өзіне тән сапалық ерекшеліктері анықталады. Мәселен «ағылшын өркениеті», «Европалық өркениет» т.б. Жалпы адамзаттың даму заңдылықтарын зерттей отырып, өркениеттің тарихи формаларын да түсіндіруге болады. Мәселен, «антикалық өркениет», «феодалдық өркениет», «капиталистік өркениет». Өркениет дегеніміз - өзіндік өндірістік технологиясымен оған сай мәдениеті бар тарихи нақты қоғамды білдіретін философиялық – социологиялық ұғым.

Адам, оның қызметімен өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Бірақ материалдық және рухани мәдениетті бір-бірінен ажырата білу қажет. Мәдениет материалдық және рухани: бірі-материалдық өндірістің, екіншісі-рухани өндірістің өнімі деп қаралады. Себебі материалдық және рухани мәдениеттің өнімдері – еңбек құралдары және көркем шығармалар әр түрлі мақсатта пайдаланылады. Олай болса материалдық және рухани мәдениеттің қызметтік ерекшеліктері бар екен. Сонымен қатар бұл екеуі – материалдық және рухани мәдениет тұтастыққа ие.

Материалдық мәдениетті мәдениетке айналдырған адамның идеясы мен білімі, ал рухани мәдениеттің өнімі материалдық нысанда болады, соның нәтижесінде ол объектіге айналуы мүмкін және қоғамдық өмірдің факторы болып қалады. Сондықтан мәдениетті материалдық және рухани демеі-ақ, тұтас бірлікте алып қарауға да болады. Мәселе бұларды ажыратуда емес, бүкіл қоғамның дамуына сәйкес, органикалық бірлігін мойындауда.

Өміршең мәдениет қоғамдық адамнан ажыратылмайды, адам – мәдениет субъектісі. Оның адамдық сапасы тілді игерудің нәтижесі, қоғамдық өмір сүретін құндылықтарға, әдет-ғұрыпқа ену, осы мәдениетке тән іс-әрекеттің дағдысын бойына сіңіруі. Мәдениет – адамдықтың өлшемі, ол адамның қоғамдық мән есебінде дамуын сипаттайды. Сондықтан мәдениет адаммен тікелей қатынаста өмір сүреді. Ол қатынастың мәні мынада, адам бұрыннан жасалып келген мәдениетті бойына сіңіреді, қабылдайды, өзінің болашақ қызметінің алғышартына айналдырады. Сөйтіп өз білімін, икемін, қабілетін дамыта отырып, өзінің мәдениетті, адамдық мәнін жасайды

Материалдық мәдениетсіз рухани мәдениет қалыптаспайды. Мысалы, радио, теледидар, компьютер, түрлі ғимараттар, мұражайлар сияқты түрлі материалдық игіліктер арқылы рухани мәдениет таралды. Би, ән айту, жыр жырлау құралсыз іске асырылмайды. Ел мәдениеті неге байланысты? Олар театрларға, басқа да мәдени ошақтарға, сән-салтанатты, барлық жағдайы бар демалыс орындарына, т.б. байланысты. Оларды игілікке пайдалана білу де мәдениеттің бір саласы.

Сөйтіп, материалдық және рухани мәдениет тікелей байланысты екен. Одан шығатын қорытынды, мәдениет – қоғамның материалдық және рухани байлығының жиынтығы. Қоғамның материалдық дәрежесі жоғары болған сайын рухани өмір де жоғары болмақ. Біздің қазіргі қоғамдағы қиын жағдай осы өтпелі кезеңде туып отыр. Біріншіден, қаражаттың жетіспеуінен көптеген мәдени ошақтар азып-тозып, істен шығуда. Ауылдық жерлерде клубтар, кітапханалар жабылып жатыр. Қалалы жерлерде кинозалдардың, театрлардың материалдық негізі құлдырап, төмендеді. Екінші жағынан, жалақының аздығынан көптеген талант иелері сауда-саттыққа ауысып кетті.



МОЯ?

ТВОЯ!

Егер де адам философияның негізгі объектісі болса, онда адамзат махаббаты атты тақырып өте маңызды философиялық ой кешулердің бірі болуы керек. Махабат ең алдымен өнердің объектісі болып табылады, бірақ сонымен бірге философиялық тұрғыдан ойлануды қажет ететін махаббаттың өлшемдері болады. Өнер образдардың тілімен сөйлесе, философия ұғымдар тілімен сөйлейді, яғни өнер де философия да бір мәселе жөнінде айтып отырғанымен, мұны олар әр түрлі мағынада айтады. Махаббат философиядан бұрынырақ пайда болған, бұл екеуінің бұрынғыдан келе жатқан туыстығы махаббат ұғымының өзіне байланысты, сондықтан философия ежелгі грек тілінен аударғанда даналыққа деген құштарлықты білдіреді.



СЧАСТЛИВЫЙ
МУЖЖ

СЧАСТЛИВАЯ
ЖЕНА

Махаббаттың алуан түрлі сипаттары мен аспектілерін білдіру үшін гректер төрт түрлі терминдерді қолданды:

- «Эрос» — сөзін олар объектіні өздеріне толығымен иеленіп алу мақсатымен, сол объектіге бағытталған сезімдерді білдіру үшін қолданды.
- «Philia» — сөзі жеке немесе әлеуметтік таңдау еріктеріне байланысты біріккен индивидтердің байланысын білдіреді.




*Нет любви без поцелуев
даже самых детских*

Махаббаттың алуан түрлі сипаттары мен аспектілерін білдіру үшін гректер төрт түрлі терминдерді қолданды:

«storge» — сөзі болса айырбастауға берілмейтін мәңгі органикалық түрде туыстық жақындықпен байланысты махаббатты білдіреді. Бұл ата ана мен бала, ері мен әйелі, отаны мен азаматтары арасындағы өте нәзік әрі өз өзіне деген сенімді махаббат.

«Agape» — термині гректерде ғашық адамының, сүйіктісінің белгілі бір ерекшеліктерінің, оның ерекше бір мінезінің негізінде пайда болатын саналы махаббатты білдіреді



Стендаль өзінің «Махаббат туралы» деген трактатында махаббаттың төрт түрлі формаларын көрсетеді:

- Махаббат ол құмарлық;
- Махаббат ол ақыл-ойдың бақылауынан шығып кетуге қабілетсіз және жүректе суық із қалдыратын ынтықтық сезім;
- Махаббат ол сәттілікпен басталған кездейсоқ жағдайда болатын инстинктердің күтпеген жерден жалын секілді жарқ етіп жоқ болып та кететін физикалық, яғни тән махаббаты;
- Махаббат ол паңдық, яғни буржуазиялық тұрғыдан есепке ғана негізделген пайдалылықты көздейтін алдын ала ойластырылған махаббат. Мұндай махаббаттың иегерінің сезімдеріне келсек, олар модадағы, қазіргі заманғы сәндегі әйелдерді ғана қалайды



Орыс философы В.Соловьев махаббаттың үш түрлі типтерін ажыратады:

- 1.махаббат ол көбінесе береді де, бірақ ештеңе алмайды, бұл ата-ананың балаға деген махаббаты;**
- 2.махаббат ол көбінесе алады, бірақ ештеңе бермейді, бұл баланың ата -анаға деген махаббаты;**
- 3.махаббатта осы жоғарыда көрсетілген белгілердің екеуі тепе-тең түседі, бұл жыныстық немесе ерлі зайыптылардың махаббаты.**

Махаббат философиясы бойынша махаббаттың мынадай түрлері бар, олар:

1. ата-ана мен бала арасындағы махаббат,
2. аналық махаббат,
3. әкелік махаббат,
4. ағалық махаббат,
5. өз өзіне деген махаббат,
6. құдайға деген махаббат
7. жануарларға деген махаббат және т.с.с.



Э.Фромм бойынша махаббаттың мынадай түрлері бар, оларды «Махаббат өнері» деген еңбегінде көрсетті:

1. Ананың балағ деген махаббаты,
2. Туыстық махаббат,
3. Өз-өзіне деген махаббат,
4. Құдайға деген махаббат
5. Эротикалық махаббат
6. Отанға деген махаббат және т.с.с.





Свадьба студентов

Махаббат ол кездейсоқтан пайда болмайды. Ол адамның бүкіл ішкі әлемінің біртіндеп өзгеріске ұшырап, қайта жандануы жаңа бір күй кешуі.

Стендаль махаббат сезімінің пайда болуын былай суреттеп береді:

1) Таң қалу

2) Ғашық адам сүйіктісінің сұлулығына сүйсініп оны құшағына алып сүюді армандайды.

3) Ғашық адамына деген үміт оты оянады.

4) Махаббат оянады. Жақсы көру дегеніміз – ләззат сезіміне бөлену. Адам өз ғашығын барлық сезім органдарымен сезіне бастайды.

5) Алғашқы кристаллдану процесі басталады. Адам өзінің сүйікті ғашығын қуаныш пен ләззатқа бөлеуі үшін, барлық құрбандықтарға дайын бола бастайды және мұны ол қуанышпен іске асырады. Кристалдану – бұл ойдың ерекше бір қызметі.

6) Күмәнның тууы. Ғашық адам өзіне жақын тұрған бақытқа күмәндана бастайды; ол өзіне жылт етіп көрінген үміттің өзіне күмәнмен қарай бастайды. Ол өзін өмірдің басқа да қуаныштарына бөлегісі келеді де кейін оны жоғалтып та алады. Осыдан ол бақытсыздық сезіміне бөленіп, осы сезімнен кейін ол ойға шомады.

7) Екінші кристаллдану процесі. Екінші кристаллдану процесі басталғанда ғашық адам «ол да мені жақсы көреді» деген ойға келеді.

Ғашық адам үш түрлі ойдың арасында ойланып толғана бастайды:

1. Оған ешкім тең келмейді.
2. Ол мені сүйеді.
3. Оның сүйетіндігінің дәлелдеріне қалай көз жеткізуге болады? Махаббаттың ұзақтығы екінші кристаллдану процесінде анықталады, осы кезде ғашық адамыңның жауабын ала аласың немесе ала алмайсың. Екінші кристаллдану процесі тез беріле салатын махаббат жағдайында өтпейді.





МАХАББАТ ЖАСҚА ҚАРАМАЙДЫ

Сонымен бірге мына жағдайды ескеру керек. Өзінің табиғаты жағынан әйелдер еркектерге қарағанда сезімтал келеді. Әйелдердің өмірінде сезімнің алатын орны ерекше. Көптеген әйелдер үшін сүюден гөрі сүйікті болу өте маңызды. Өйткені бұл қасиет әйелдердің психологиялық табиғатының өзінде жатыр. Ал ер адамдар болса сүйікті болудан гөрі сүюді қалайды. Махаббатты осылайша жіктеуге Махаббат иесі сезімінің нысанын, көздеген мақсатын белгілеуі негіз болады.



Махаббаттың сезімдік әсер тұрғысынан күйініш пен сүйініш, қорқыныш пен үміт өзара ұласа жүріп, адам бойында күйіп-жанған ынтық сезім, қанат бітірер ұшқыр қиял, риясыз пейіл, мейірім-шапағат түрінде көрініс беруі Махаббаттың бар түріне тән жалпы сипаты болып табылады.

Яғни, Махаббаттың қай түрі болсын адамды ізгілікке, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелейді.



Махаббат-Философияның бір категориясы.



Махаббат философияның категория қызметін атқарды. Бұл бойынша Махаббат — ғаламның Махаббат философияның категория қызметін атқарды. Бұл бойынша Махаббат — ғаламның, адамзат жаралуының телеологиялық



Ситуациялық есеп:

- ◆ Егер жүріп жүрген қызын сені ата-анасымен таңыстыру үшін сағат 5-ке қонаққа шақырады. Саған және ата-анасына бұл кездесу туралы ерте ескертеді. Дәл осы күні сенің анаң ауырып қалып сені ешқайда бармауыңды сұрайды, бұл жағдайда қандай шешім қабылдайсың???

Ситуациялық есеп:

□ Егер сен жүріп жүрген жігітіңді ата-анаңмен таңыстыру үшін қонаққа шақырасың. Ата-анана да жігітіңе де ерте ескертесің. Бірақ жігітің дәл сол күні келе алмаймын анам ауырып қалды десе, не істейсің, ата-анана жігітіннің келмейтінің қалай түсіндіресің және көп дайындалған бұл кездесудің болмағанына қандай күйде боласың???



Тапсырма



○ Өнер адамдарының е
шығармашылықтарына деген
махаббат сезімін қалай
түсіндіресіз???



○ Бизнесменнің өз ақшасына
деген махаббат сезіміне
қандай сипаттама бере
аласыз???



Тапсырма:

- ❖ Қазіргі кездегі некеге отырған кезде құрылатын келісім шартқа (брачный договор) қалай қарайсыз???
- ❖ Қазіргі кезде некеге “ақша үшін тұру”, “брак по расчету” деген көп кездеседі неліктен???



Ситуациялық есеп:

Егер сен Семей қаласында тұрасын, жақсы көретін қызын Астанада, ата-анаң Алматыда. Әкең мен жақсы көретін қызынның туған күндері бір күнде, дәл сол күні сенін демалысын басталады. қай қалаға



Ситуациялық есеп:

Егер сенің жақсы көретің жігітің сенің туған күніне келмейтін болса қандай жағдайда боласың, және өз реңішінді қалай білдіресің???????



Сұрақ-жауап

- Шын махаббат бар екеніне сенуге не себепші болды????
- Махаббат күші құдіретті деген рас па??? Неліктен?
- Өз махаббатыңыз үшін қандай тәуекелге барасыз?

Тапсырма:

- Анасының өз ұлын келінінен қызғану:
- Егер мұндай жағдайға тап болсаңыз не істейсіз???

Ситуациялық есеп:

- Енеңіз күйеуіңізді қызғанатын болса не істейсіз???





Я
ТЕБЯ
ЛЮБЛЮ